

переданы русским крестьянам, а казахи согнаны в безводные, мало пригодные земли. Изменялось демографическое лицо Казахстана. Согласно данным всеобщей переписи 1897 г. удельный вес казахов сократился в Казахстане до 87,1%. Из проживавших 4 471,8 тыс. Казахи составляли 3 399,5, русские и украинцы - 532,7, татары - 55,4, узбеки - 73,5 тысячи, уйгуры - 56 тыс. Переселенцы были заселены в основном на стратегических пунктах хиво оружены огнестрельным оружием. Таким образом, они служили военно-агрессивной внешней и военно-феодальной внутренней политике России.

После окончательного превращения Казахстана в колонию, Россия приступила к более интенсивной разработке его недр. Начались усиленные поиски полезных руд. Русские капиталисты вкладывали свой капитал прежде всего в сферу горной промышленности. Продолжалось расширение заводов по первичной обработке сельско-хозяйственного сырья. Развитие капитализма в пореформенной России. Создавались горные управления, ведавшие горными предприятиями Казахстана, подчиненные Министерству финансов. Массовое обезземеливание казахов привело к общему обеднению. Источником пропитания для бедняков была в основном работа на предприятиях. Число наемных рабочих в разных регионах Казахстана было разным. Большие отряды национальных рабочих находились в центральных и восточных областях, где в 1855 г. насчитывалось около 1,5 тыс. горнорабочих, а в 1900 г. - 11 тыс. К концу XIX в. число рабочих в обрабатывающей промышленности достигло 18 тыс., около 70% которых составляли казахи [4, 85].

Положение рабочих, особенно казахов, на фабриках и заводах было тяжелым. Законы о фабричной инспекции на территории Казахстана не распространялись. Обычно рабочие жили в тесных грязных землянках, получали от 3 до 10 рублей в месяц, подвергались оскорблениям и даже побоям со стороны мастеров и хозяев. Казахские рабочие, как и трудящиеся России, были бесправными. Они недопускались к специальностям, требующим высокой квалификации.

Опираясь на данные статистических экспедиций 1907-1912 гг. российское правительство в особенно больших масштабах проводило массовое изъятие земель у казахов. Переселенческий земельный фонд создавался путем насильственного изъятия главным образом уже освоенных казахами земель, имевших оросительные системы, лесонасаждения, постройки. Результатом переселенческой политики царизма было массовое обезземеливание и разорение трудящихся масс казахов, усиление колониального гнета. Политика Столыпина, в частности массовое переселение крестьян, способствовала дальнейшему обострению аграрного кризиса.

Список литературы:

1 Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX - начале XX веков. Алматы, 1996г. - 125с.

2 Дильмухамедов Е.Д., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана второй половины XIX- начало XX вв. – Алма-Ата: Акад.наук КазССР, 1963. – 270 с.

3 Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. – начале XX в. (1867-1907 гг.). – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 78 с.

4 Сужиков Б.М. Казахская политическая элита и трансформация этнической тождественности на рубеже XIX-XX вв. В зарубежной историографии. // Казахстан в начале XX века: методология, историография и источниковедение. - Алматы., 1993. - С.83-96.

XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ СЯСИ ОҚИҒАЛАР (Ө.ОЗҒАНБАЙ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Зекенова А.Ы. тарих пәнінің мұғалімі

Өмірзақ Озғанбаев 1941 жылы Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы Құрық кентінде дүниеге келген. Ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. ҚР Жоғарғы мектебі Ғылыми Академиясының Академигі, Педагогика ғылымдарының кандидаты, Тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері. 2013 жылдан бастап «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі орталығының төрағасы, Маңғыстау облысының Құрметті азаматы. ҚР нарықтық экономикаға өту кезеңінде оның заңдық негізін салуға қатысты. 200-дей ғылыми танымдық мақалалардың, 19 кітаптың авторы [1].

Автор Өмірзақ Озғанбайдың басты еңбегі «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж)» деп аталады. Тарих ғылымының және философия докторы Өмірзақ Озғанбайұлының бұл еңбегінде мұрағаттық түп деректер мен жарық көрген еңбектер, әр түрлі жарияланымдар негізінде 1905-1917 жылдар аралығындағы Ресейде жүзеге асқан демократиялық өзгерістерге жасалған бетбұрыс және осы тұстағы қазақ зиялыларының туған елін бодандықтан құтқарып, отанының тәуелділігі жолындағы тарихи күресі жан-жақты баяндалған. Автордың көрсетуі бойынша «...ақтаңдақтарды анықтап, өткеніміз бен кеткенімізге, кешегіміз бен бүгінгімізге талдау жасаған кезде Ресейдің І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік Думаларына депутат болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдап, зерттеудің маңызы зор. Думадағы әрбір қазақ депутаттарының қоғамдық-саяси қызметі ұлттық тарихымыздың құрамдас бөлігі болып табылады». Бұл тақырыптың өзектілігін автор бірнеше себептермен көрсетеді. Тоқталар болсақ:

- көп жылдар бойы әкімшіл-әміршіл жүйе зерттеуші-ғалымдарымызға шет елдерді айтпағанда, өз еліміздегі қажетті құжаттармен танысу мүмкіндігіне шектеу жасап, тыйым салынды;

- І-ші және ІІ-ші Ресей Мемлекеттік Думасын, оған қатынасқан қазақ депутаттарының қызметтерін, көзқарастары мен ұстанған бағыттарын талдап, олардың кейінгі күрделі де қайшылықты тағдырларын зерттеу қажеттілігі, елімізде жүріп жатқан бүгінгі саяси-әлеуметтік мәдени-рухани ахуалға, қоғамдағы жаңғыру, жаңаруға тікелей байланысты және үндес. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының саяси өміріндегі елеулі оқиға:

- Мемлекеттік Думаның мәнін және мазмұнын ашу, ондағы қазақ депутаттарының сөз сөйлеу мәселесінің ішкі жүйесін көрсету;

- жер-су мәселесіндегі Дума депутаттарының көзқарастарын арнайы талдау қажет [2, 3-5 б].

Алға қойылған міндеттерді жан-жақты шешуде автордың көрсетуі бойынша басты міндеттердің бірі ол қазақ қоғамының ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік даму эволюциясын қарастырып алу мәселесі. Ал бұл мүмкіндік бүгінгі мемлекеттік биліктің белгілері мен қызметі жайлы тұжырымдар жасауға, ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін және қоғамды демократияландырудың қиыншылықтарын өткендегі тәжірибе негізінде шешуге жол ашады деп есептейді.

ХІХ - ғасырдың аяғы мен ХХ-ғасырдың бас кезінде Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде аграрлық мәселе маңызды орын алды. Оның нақты шешімін таппауы Ресейдегі халықтардың үнемі наразылығын тудырып отырды. Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы және 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің басты себептерінің бірі де аграрлық мәселеге тіреледі.

Қазақстан отар ел ретінде ХІХ-ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірімен тығыз байланысты болды. Әкімшілік-аумақтық ереже, 1867-1868 және 1886-1891 жылдардағы реформалар Қазақстанның отар ел ретіндегі метрополиядағы рөлін нығайта түсуге бағытталды. Империяның саяси үстемдігі нәтижесінде бүгінгі Қазақстан алып отырған сол кездегі

барлық аумақтарда жерді иелену мен жерді пайдалануды реттеудің қажеттігі мейлінше айқын да өткір қойылды,

Жетісу және Сырдария облыстары үшін де осындай құқықтық нормалар жасалды. Жер дауларын шешу, көші-қон, табындық орнын анықтау және тағы басқа мәселелерді кезінде генерал-губернатордың жеке өзі бақылап, билігін айтып отырды.

Сөйтіп, қазақтар шөлейт және жартылай шөлейт, сортаң жерлерге қарай тықсырылды. Жермен бірге барлық су көздері де алынып қойды, мұның өзі сайып келгенде дәстүрлі шаруашылық жүйесін ауыр жағдайда қалдырды.

Отар ретінде Қазақстан бұл кезде империяның бастырмалатқан ресми идеологиясының әсеріне душар болды. Мұнда жаппай орыстандыру саясаты жүргізілді. Соған байланысты шаруашылық пенәлеуметтік укладнысандары өзгеріске түскен қазақ халқы рухани бастауларын өздері білдірудің жолдарын табуға ұмтылды. Бірінші шақырылған Мемлекеттік Думада қазақтар шағын ғана топ болды және олар империяның 1-ші парламентінің жұмысында қазақ халқының мүддесін қорғауға ұмтылғанымен, сол кездегі саяси жағдай оларды ондай мүмкіндіктен айырған еді. Бұл кезеңдегі қазақ халқының мүддесін білдірушілер қатарында, негізінен Қазақстанмен көршілес қоныстанған аудандардың кейбір депутаттары, сондай-ақ, Қазақстанда тұратын орыс халқының жекелеген өкілдері де кездесті. Ресей империясындағы аграрлық мәселе сол кездегі Ресейдің барлық саяси партиялары мен қозғалыстарының назарында болды [3, 47 б].

XX - ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі жалпы саяси өрлеу мен дағдарысты жағдайлар, кейбір тұста көзқарастар мен пікірлерге мүлде ымырасыз қараған әр түрлі күштерді саяси аренаға шығарды. Олар белгілі бір дәрежеде Қазақстанға да ықпалын тигізді. 1905 жылы 17-ші қазанда Манифест пен Мемлекеттік Думаға сайлау туралы заңның жариялануы қазақ зиялыларының қызметін де жандандыра түсті. Нәтижесінде қазақтардан Мемлекеттік Думаға: Торғай облысынан А.Бірімжан, Орал облысынан Б.Қалменұлы, Семей облысынан Ә.Бөкейхан, Бөкей ордасынан Б.Құлман депутат болып сайланды. Ақмола облысынан сайланған Шәймерден Қосшығұлұлы орыс тілін білмейтіндігінен облыстық комиссия Думаға жібермеді. Бұл, әрине, жергілікті халықтың жай-күйімен санаспай құқығын аяқ асты ететін факторлардың бірі болатын.

Ғасыр басында көтерілген осы мәселе бүгінгітаңда да осы маңыздылығын жойған жоқ. Уфа губерниясынан сайланған қазақ С.Жантөре көп мәселеде қазақ жерінен келген депутаттармен пікірлесіп бір көзқараста болды. Оларға Қазақстандағы аграрлық мәселеде қазақ емес депутаттар арасынан Ш.Сыртланов, Т.Седельников, В.Недоносков, Н.Бородин, тағы басқа адамдар белсенді қолдау көрсетті. Бұлардың соңғы екеуі қазақтар қауымының өкілдері еді.

Автор Ө.Озғанбай аграрлық жағдайға байланысты қалам тартқан Т.Седельниковтың көзқарасына арнайы тоқталып өтеді. «Т.Седельников өлкедегі аграрлық жағдай жөнінде мейлінше мақсатты да дәйекті пікір білдіруге тырысты. Бұғанөзінің жазғанындай, жеті жыл бойы Қазақстандағы аграрлық мәселе жағдайларымен жан-жақты және мұқият таныс болуы мүмкіндік берді. Ол осы еңбегінде белгілі аграршы А.Кауфманның көзқарастары мен тұжырымдарын өткір сынға алды»- деп көрсетеді. Мұнымен қоса «Қоныс аударушылар учаскесі үшін қазақ жерлерін мүлде заңсыз тартып алуды ұйымдастыруға белсенді қатысқан Ф.А. Щербина мен А.Кауфман сияқты даланың «білгір», белсенді зерттеушілері» үшін сол қазақтардың отырықшы егіншілері ретіндегі мұқтаждары мен қажеттіліктеріне тап болған жағдайда мұны «көшпелі тұрмыстың өзіндік жағдайлары» деп мойындауларына бұл мейлінше ыңғайлы да тиімді болды», - деп тұжырымдайды. Әйтпесе оларға баяғыдан-ақ «нағыз орыс иеленушілеріне» тиімді даланы отарлауды тоқтата тұрып, сол қазақтардың өзін жерге орналастырудың күрделі де қиын ісімен шұғылдануларына тура келер еді. Сөйтіп, Т.Седельников Қазақстандағы жер иелену мен жер пайдаланудың заңды нормаларын тәртіпке келтіруді басты мәселе етіп қойды, бұл ретте ол объективті табиғи-тарихи жағдайлар әсерімен қалыптасқан нормаларға сүйенді [4, 41 б].

Қоныс аудару саясатындағы тағы бір жай - Ресей империясындағы мұсылмандарға барынша қысым көрсетілу болды. Бұл жайында Ш.Сыртланов: «Түркістан өлкесінде мұсылмандарға жылжымайтын мүлікті сатып алуға тыйым салынған, ал онда қызметші мұсылмандар өте көп - олардың бір де бірі өзіне үй немесе жер сатып ала алмайды»-деп атап көрсетті.

I-ші Мемлекеттік Дума таратылғаннан кейін, оның кейбір мүшелері мәжілістерде қаралған мәселелер бойынша өздерінің пікірін білдіретін мақалалар жинағын шығарды. Ол жинақта басқа да депутаттардың көзқарастарын байқауға болады. Мысалы, Г.Гейден (халық бостандығы партиясынан) «жерге құқық - бұл қайыршылықты теңестіру деп жазса, ал А.А. Кауфман империядағы орыс емес халықтарды жерге орналастыру туралы өз пікірін былайша білдірді: «Бұратана халықтардың жер аумақтары қаншалықты кең байтақ болса да, бәрінен бұрын солардың өздеріне тиесілі һәм әзірге толық қанағаттанғанша, жерге орналастыру аяқталмайынша олардың бос жерлеріне үлесі аз шаруаларды көшіруге жол беру мүмкін емес». Бірақ, ол өз әрекеттерінде ресми отарлау саясатын жүргізушісі ретінде Мемлекеттік Дума мінбесінен айтылған бұл мәселелер жөнінде өзінің дербес көзқарасын ұстанды.

Осы мәселеге байланысты өз пікірін ашық білдірген депутат А.Бірімжанның сөзі де назар аударарлық болды. Думадағы орындарды бөлу кезінде кейбір өлкелер мен облыстардың үлестері бос қалғанын сөз ете келіп, ол былай деді: «... Бұл бос қалдырылған орындарды Мемлекеттік Дума Сібірге, Орта Азия мен Кавказға ұсынып отыр; «қырғыздар» мекендейтін далалық облыстар туралы ештеңе айтылмаған; мүмкін олар Сібірге немесе Орта Азияға жатқызылған шығар, бірақ Дума қаулысында бұл туралы нақты ештеңе айтылмаған». Бұдан кейін ол сөзін: «қырғыз өлкесінің өкілі ретінде мен осы артық бес орынның үшеуін немесе, әрі кеткенде екеуін - Жетісу, Семей, Торғай, Орал және Бөкей ордасы кіретін қырғыз облыстарына беруді сұраймын» - деді. А.Бірімжан сонымен бірге, Қазақстандағы жерлерді жаппай тартып алуға қалай да қарсы тұру жөнінде мәселе қойды. Бұл мәселе А.Бірімжан сияқты халқын қадірлеп, ұлтын сүйер, атамекенге қорған азаматтардың көкірегінде қонақтап, орын алған жан ауыртар жағдай болатын.

Қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтатып, оның қателігіне үкіметтің назарын аудару мақсатымен Дума депутаттары Б.Қаратай, А.Бірімжан, Ш.Қосшығұлұлы, Т.Нүрекенұлылар егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы князь Васильчиковке барып, осы мәселені қойған кезде: «XX-ғасырда қырғыздардың (қазақтардың) көшпелі өмір салтын тоқтату керек. Сол үшін де жаңа қоныстанушылар керек-ақ», - деп жауап берді.

Аграрлық комиссия мүшелерінің санын арттыруды Орал облысынан сайланған, кейіннен Ә. Бөкейхан және I-ші Мемлекеттік Думаның басқа да депутаттарымен жақсы қарым-қатынаста болған депутат Бородин де талап етті.

I-ші Мемлекеттік Дума шешпеген әр түрлі объективті және субъективті жағдайларға орай аграрлық мәселені, кейінгі думалар да шешкен жоқ. Алайда Ресей мен оны мекендейтін халықтардың жер мәселесіндегі талаптарын дұрыс шешуге бағытталған мүмкіндіктер пайдаланылмай қалған жоқ. Мәселелердің мәнін айқындап, олардың шешімін табудағы сәтсіздіктер әр түрлі саяси және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты болған.

1906 жылдың басында айрықша кеңес Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау туралы ережелерді жасап жарыққа шығарды. Сол жылғы 22-ші ақпанда Дала өлкесінде, 23-ші ақпанда Түркістан өлкесінде, 25-ші наурызда Астрахан губерниясы мен Ішкі Ордада Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлауын өткізудің ережелері бекітілді. Түркістан және Дала өлкелерінде депутаттарды сайлау - жалпыға бірдей болған жоқ. Өзбектер, ұйғырлар, дүнгендер және басқа аз халықтар шын мәнінде сайлауға қатыстырылмайтын болды [2, 45 б].

I-ші Мемлекеттік Дума сайлауы Қазақстанда 1906 жылдың көктемінде басталды. Сайлау науқанының ең қызған кезі сәуір-маусым айларына тұстас келді. Дала өлкесінде

жарияланған әскери жағдайдағы сайлау өткізуге және оған қалың, бұқараның қатысуына көп қиындық келтірді.

I-ші Мемлекеттік Думаға Торғай облысынан Ахмет Бірімжанұлы, Уфа губерниясынан Сәлімгерей Жантөреұлы, Орал облысынан Алпысбай Қалменұлы, Астрахан губерниясынан Бақтыгерей Құлманұлы мен Дәуіт Ноян-Түндүт, Ақмола облысынан Шәймерден (Шаһмардан) Қосшығұлұлы, Жетісу облысынан Молда Тайынұлы және Семей облысынан Әлихан Бөкейхан сияқты халық қалаулылары депутат болып сайланды. Бірақ I-ші Думаның ғұмыры ұзақ болған жоқ. Демократиялық өзгерістерден қорыққан патша өкіметі 1906 жылдың 8-ші маусымында оны таратып жіберді. Жүздеген жыл елді жеке-дара билеп-төстеп үйренген, жұртшылық пікірімен санасып, ел адамдарының ақылын құлағына ілмеген патша үшін демократиялық өзгерістердің аздаған нышанының өзі төзгісіздей боп көрінді. Дей тұрғанмен, ол Думадан мүлде қол үзе алмады. Жаңа Дума сайлауын өткізуге мәжбүр болды. II-ші Мемлекеттік Дума өз жұмысын 1907 жылғы 20-шы қаңтарда бастады. Оның құрамына Ақмола облысынан Шәймерден Қосшығұлұлы, Торғай облысынан Ахмет Бірімжанұлы, Семей облысынан Т.Нүрекенұлы, Жетісу облысынан Мұхамеджан Тынышбайұлы, Сырдария облысынан Т.Аллабергенұлы, Орал облысынан Бақытжан Қаратайұлы, Астрахан губерниясынан Бақтыгерей Құлманұлы сияқты қазақтар депутат болып сайланды [5, 45 б].

1907 жылғы 3-ші маусымда II-Мемлекеттік Дума да таратылды. Патшаның осы жарлығы бойынша кейінгі Мемлекеттік Думаларға қазақ елінен депутаттар сайланбайтын болды.

I-ші Мемлекеттік Думаға қазақ елінен депутат болып сайланған 35 жастағы Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжан болды. Бір қызығы, сол тұстағы қазақ зиялыларының көпшілігі жоғары оқу орындарының заң факультетін бітіріп, құқық туралы терең білім алу арқылы жерін, елін заңсыздықтан қорғамақшы болды. Ал бұл тұста қазақ даласында заңсыздық, зорлық-зомбылық күшті белең алып тұрды. Қазақтың жер қайыстырған малы мен тасыған дәулеті оның көбеюіне себепші болған құнарлы жері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Қараңғы халық заңсыздықтан азап шекті. Осындай жағдайда заңды білуге ұмтылу жұрттың алдына қойған үлкен арман-мақсаты болды.

Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөре - көрнекті қоғам қайраткері, халықтық мұсылман партиясының жергілікті ұйымының өкілі. Орынбор гимназиясын бітірген ол білімге асқан құштарлық көрсетіп, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне, сонымен бір мезгілде Мәскеу мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсіп оларды табысты аяқтайды. Екі университетті бітіргеннен кейін үш жыл сот болып істеген ол төрт жыл земствоны басқарды. 1903 жылы Уфа мәжілісіне мүше болып сайланып, онда шаруа қожалығы мәселелерімен шұғылданды. Үш мерзімге уездік және губерниялық земстволар бастығы болып сайланды. Ол өзінің сайлау алдындағы тұғырнамасында ұлт ерекшелігіне қарай халықтар үшін мектептер ашу мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Мектептерде сабақты ана тілінде сол ұлттан шыққан мұғалім беруге тиісті деп есептеді. Сәлімгерей Жантөре Думаға Уфа губерниясынан депутат болып сайланған. Бұл арада башқұрт, қазақ халықтарының географиялық көршілес орналасуы, тұрмысы, салт-дәстүрі, басқа да жақтарынан араласып тұрғанын естен шығармау керек. Қазақ халқының көрнекті ұлы Сәлімгерей ел-жұртының мұң-мұқтажын, мүддесін жақсы білді. Ол башқұрт жерінен Думаға депутат болып сайланғанымен қазақ халқының қасіретті тағдырын бір сәтке де естен шығарған жоқ. Орыс емес халықтардың оның ішінде қазақ, башқұрт сияқты аз ұлттардың орыстанып кетуінен қауіптенді. Сондықтан да ол жергілікті жерлерде ұлттық мектептердің болуына айрықша көңіл бөлді.

Думаға депутат болып Орал облысынан сайланған Алпысбай Қалменұлы Қалмен Орынбор гимназиясының түлегі. Университет бітіріп, келелі білім алған ол, кейін Уақытша үкіметтің Ордадағы мәртебелі кеңесшісі болды. Алпысбай қазақтарға білім беру, оларды отырықшыландыру және мал шаруашылығын дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөлді. Бұл мәселелер қазақ зиялыларының әрдайым назарынан шыққан жоқ. Олардың бәрі дерлік

халқының жаңа өндірістік сауда қарым-қатынасына бет бұруын дұрыс көрді. «Құдыққа қауға керек, қазаққа сауда керек» деген мақалдың пайда болуы осындай пиғылдан туған еді. Сауда кәсіпшілік есеп білуді, оқуды, білімді қажет етті. Ол үшін әрине мектеп керек. Сол мектептер арқылы патша өкіметі қазақтарды орыстандыру бағытын ұстады. Ал қазақ зиялылары мұны іске асыртпау үшін мектептерді ана тілінде ұйымдастыру керек деді. Олар ана тіліндегі мектептер арқылы халықтың ата дәстүрін, ұлттық әдет-ғұрпын насихаттамақшы болды. Демек, бұл тұста отырықшылану, оқу-білім туралы мәселе өзекті де маңызды болды. Ол туралы сол кездің өзінде: «Өз халқының арасында құрметті, Хан ставкасынан сайланған» - деп жазылған.

Бірінші Думаға депутат болған қазақтардың бірі - Дәуіт Ноян-Түндүт. Ол 1860 жылы ауқатты ақсүйек отбасында туып өскен, патша лицейінде тәрбиеленген, кейін шетелдің көптеген университеттерінде лекция курстарын тыңдаған аса зиялы азамат еді. Дәуіт кадет партиясының мүшесі болып Астрахан және Ставрополь губернияларының көшпенділер комиссиясының құрамында қазақ халқының мүддесі үшін белсене ат салысты.

Ресей Мемлекеттік Думасына қазақ жерінен депутат болған азаматтардың ішінде осы Дәуіт Ноян-Түндүт жөнінде жарияланымдардың аздығын атап өткен жөн. Туған, өскен ортасы Астрахан мен Ставрополь губерниялары болғандықтан, оның шығу тегі туралы күмәнді сауал да айтылып келді. Дегенмен, Санкт-Петербург қаласындағы мұражайдан алынған арнайы анықтамада оның ұлтының қазақ екендігі анық көрсетілген. Оның өмірі мен саяси қызметінің кейбір мәселелерін толығырақ анықтау болашақ зерттеушілер үшін қызығушылық тудырап деген ниеттеміз [3, 48 б].

Думаға алғашқы сайланғандардың бірі - Шәймерден Қосшығұлұлы. Оны ел-жұрты аса қадір тұтты. Жергілікті халықтың басым көпшілігі бір ауыздан оны депутаттыққа сайлағанымен, комиссияның шешімі бойынша орыс тілін білмейді деген желеумен ол Дума мүшелігіне тіркелмеген. Ел ішінде мейірімділігі мен қайырымдылығы үшін жұрт жақсы көрген, беделі күшті Шәймерден Қосшығұлұлы іскер де құнтты адам болған. Ол өз күшімен бірнеше кітап дүңгіршегін ашып, қазақ балаларын оқытқан. Депутат етіп сайланғанда ол 36 жаста болатын. Ақмола облысының халқы оны ІІ-ші Мемлекеттік Думаға да сайлады. Бірақ ол жоғарыда айтылған себептермен екі Дума жұмысына да белсенді қатыса алмады.

Соңғы жылдарда мерзімді баспасөз бетінде Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметі туралы бірқатар мақалалар мен жарияланымдар басылды.

Олардың бірсыпырасында оның тегі Бөкейханов болып жазылған. Сондай-ақ, өз заманында оның достары мен жолдастары оны Александр Николаевич Бөкейханов деп атағаны да белгілі. Алайда Әлекең өзінің, ғылыми еңбектеріне Бөкейхан деп қол қойған. 1927 жылы Ленинградта жарық көрген «Казаки. Антропологические очерки» атты соңғы еңбегінде де ол «Бөкейхан» деп қол қойған. Оксфорд және Сорбонна университеттері ғалымдарының зерттеулерінде оның тегі Бөкейхан деп көрсетілген.

1896 жылдан 1901 жылға дейінгі мерзімде ол қазақ даласын экономикалық жағынан зерттеу жөніндегі Ф.А. Щербинаның экспедициясы құрамында қызмет етеді. Сібір темір жолын экономикалық-статистикалық зерттеуге қатысады. Сондай-ақ, ғұлама ғалым қазақтың жер қауымдастығының тарихын зерттеп, үлкен ғылыми мәні зор жаңалықтар ашады.

1905 жылы Әлихан Бөкейханның бастамасымен қазақ халқының алғашқы ресми саяси талаптарын білдіретін «Қарқаралы петициясы» атты құжат жазылып, Қоянды жәрмеңкесіне келген 14500 алаштың азаматы қолдарын қойған бұл шағым почтамен патшаның өзіне жолданды.

1905 жылғы қараша айында Мәскеуде өткен «Ресей земстволық қала қайраткерлерінің» кезекті құрылтайының жұмысына қатысып, онда бүкіл туған ұлтының атынан сөз сөйледі. «Мен Жайықтан Алтайға дейінгі, Сібір темір жолынан Омбыға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты алып жатқан 4 миллионнан астам қазақ халқының өкілімін», - деді ол.

Әлихан Бөкейхан сайлаушыларды өзінің орнына ұсынылған елге қызмет етуге шын пейілдерімен құлшына кірісіп жүрген бес үміткердің біріне дауыс беруге шақырды.

Үміткерлердің арасында Абайдың туысқандары белгілі ақын, пәлсафашы Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы, тарихшы ғалым Кәкітай Ысқақ Хасен, Омарбек деген азаматтар да болды. Сенат Омарбекті «далада мал шаруашылығымен айналысатындарды ғана ұсыну керек» деген сылтаумен қабылдамай тастады. ІІ-ші Мемлекеттік Думаға олардың арасынан Семей облысынан Темірғали Нұрекенұлы бірауыздан сайланды [6, 55-56 бб].

Қалай дегенмен де оның саяси күрестегі елеулі жетістігі 1913 жылғы акпанда Дала өлкесінде «Қазақ» газетін шығара бастауы болды. «Қазақ» газеті - сахара халқының тарихындағы ұлттық-демократиялық төл мерзімді баспасөзі еді. Ол қолдан қолға өтіп, ауылдан ауылға тез тарап кетті. «Қазақ» газетін шығарушылар халқымыздың ұлттық тұтастығын сақтап, Ресей империясының отаршылдық саясатының салдарынан жойылып кеткен дәстүрлі мемлекеттігімізді қайта қалыптастыруға ат салысты.

Газет бетінде халықты патша әкімшілігінің отарлау саясатының қыр-сырына түсіндіріп, езгіден құтылудың әдіс-тәсілдерінен кеңес берді. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының газет арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді.

«Алаш» қозғалысының көсемдері қазақ халқы үшін демократиялық өзін-өзі басқарудың ең тиімді жолы – Кеңестер емес, керісінше земство деп есептеді. Әлихан Бөкейханның осы мақсаттағы ұзақ жылға созылған күресі Дала өлкесінде тек патшалық билік құлағаннан кейін ғана жеңіске жеткендей еді. Әйтсе де, саяси ұйымдық қарама-қайшылықтардың, басқару құрылымдарындағы өрши түскен дағдарыстың салдарынан, қаражат тапшылығынан, тағы басқа себептерден бұл үрдіс Қазақстанда тежеле берді, ақыры жергілікті Кеңестердің қарсылығына ұшырады [7, 101 б].

XX - ғасырдың басындағы Ресей Мемлекеттік Думасының тарихы белгілі дәрежеде біздің де халқымыздың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани дамуына қатысы бар. Сондықтан бүгінгі Қазақстан парламентаризмінің тарихын сөз еткенде үстіміздегі ғасыр басындағы Ресей Мемлекеттік Думасына, оған мүше болған қазақ депутаттарының ғұмыр тарихына соқпай өте алмаймыз. Ал бұл мәселелерге үлкен жауап іздеуде зерттеуші Ө.Озғанбай еңбектерінің құндылығы өте жоғары екендігі даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Өмірзақ Озғанбай // [http: kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)
- 2 Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.)-Алматы, 2006. -360 бет+12 бет жапсырма.
- 3 Озғанбаев Ө. Демократия бастауында. // Ақиқат. - 1996. –№ 10. – 45-50 бб.
- 4 Озғанбаев Ө. Қазақ депутаттары І және ІІ Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы // Дәуір бел-белестерінде. –А.: Алаш, 1996. – 32-62 бб.
- 5 Озғанбаев Ө. Демократия бастауында. // Ақиқат. - 1996. –№ 31. – 40-45 бб.
- 6 Озғанбаев Ө. Демократия бастауында. // Ақиқат. - 1996. –№ 12. –52-57 бб.
- 7 Озғанбаев Ө. Некоторые вопросы историографии Российской Государственной Думы и о депутатах Государственной Думы из Степного и Туркестанского краев // Саясат. - 1997.– № 2.– 99-109 бб.

ГУЛАГ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕҢГІР КӨТЕРІЛІСІ

Мукашева С.Р., Каригулова С.С. тарих пәнінің оқытушылары

КММ 61 ЖББМ

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Соғыстан кейінгі жылдары ГУЛАГ тұтқындарының құрамы 1934-1939 жылдардағы «Үлкен террор» кезеңіндегіден де мүлдем өзгеше болды. Кейінгі жылдары бұл жерге,